

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
27 мамыр 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**
27 мая 2022 г.

PROCEEDINGS
International scientific and practical conference
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нур-Султан, Казахстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330
ББК 32
3-21

Редакционная коллегия:

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

3-21 **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности: Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

ISBN 978-601-337-680-6

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330
ББК 32
3-21**

ISBN 978-601-337-680-6 © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.

ерекшеліктеріне қарай туризмнің барлық түрлерін дамыту жана Қазақстанның туристік әлеуетінің жетілуіне алып келетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Визгалов Д.В. Брендинг города: учебное пособие. – М.: Институт экономики города. 2011. – 110 с.
2. Баймбетова А.Б. Туриздегі брендинг теориясы мен PR / А.Б. Баймбетова, Н.А. Урузбаева, У.К. Нурманова. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – 169 б.
3. Сушенкова И.А. Конструирование фрейма «Омск» как инструмент формирования и коррекция регионального имиджа // Вестник Томского государственного университета. – Томск, 2019. - №331. – С. 20-30
4. Мангыстау вошел в карту туристификации // in Aktau.kz. – 2021. – 17 сентября. – С. 1.
5. Ресми сайт. – URL: <https://bilet.railways.kz/> (қаралым күні 12.04.2022)

«AIPLAND ASTANA» ОТБАСЫЛЫҚ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУ ШАРАЛАРЫ

Ермек М.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы,
E-mail: e.madina_2000@mail.ru

Ғылыми жетекші: э.ғ.к. профессор м.а. Баймбетова А.Б

Қазіргі әлемде жаңа тауарлар мен қызметтерді ойлап табу және де оны өндіру әрбір кәсіпорынның өркендеуі үшін маңызды болып келеді. Өнімді тұтынушылар немесе қызметті алушылар жаңа және жетілдірілген идеялармен ойластырылып өнімдер мен қызметтерді қалайды және күтеді. Егер кәсіпорын ашылған сәттен бастап ешқандай жаңашылдық, өзгеше қосымша өнімдерді ұсынбайтын болса ұйымның қарқынды жұмыс істеуі, клиенттер тобының ұлғаюы болмайды. Бәсекелес компаниялар алдыға шығып, клиенттерді өздеріне тартуы ұйымның одан сайын құлдырауына әкеледі. Сондықтан, нарықты үнемі зерттеу арқылы, бәсекелестердің қызметтерін талдау арқылы, тұтынушылардың қалаулары мен ұсыныстарын ескере отырып сапалы өнім өндіріп оны әрқашан жетілдіріп отыру керек. Сол кезде кәсіпорынның тұтынушылары да, табысы да, беделдігі де артады. Демек, орталықтың болашаққа бағытталған жаңа тауарларды дамытудың өзіндік бағдарламасы болуы керек, бірақ ол да уақыт өте келе нарықтан шығып қалуы мүмкін. Сондықтан қосымша қызметтерді нарық пен адам қызығушылықтарын зерттей келе ұйымдастыру керек және ол үнемі бақылауда болуы тиіс. Американдық әдебиеттерде нарыққа жаңа тауарлар мен қызметтерді енгізу арқылы кәсіпорындар бірден бірнеше мақсатқа жетуді

көздейді [1]. Себебі, жаңа идея арқылы сату мен табыс көлемін жоғарылататындай дәрежеге жету мүмкіндігі бар (сурет 1).

«Ailand Astana» кәсіпорынының жетіспейтін қызметтер тобы мен адамдарды қызықтыратын бағдарламалар мен ұсыныстар:

Мұхитарал:

- егде жастағы адамдарға арнайы құрылғымен аудио-гид ұсыну;
- барлығына бірдей QR-код арқылы аудио-гид енгізу;
- мектепоқушыларына балық әлемі туралы ақпарат беретін орталық ашу;
- мектептің 2-4 сынып оқушыларына арналған квест ойындары;
- жастарға арналған «Махаббат» - ұсыныс жасау қызметі;
- акулаларға азық беру;
- арт-терапия қызметі.

Джунгли аниматроникстар театры:


- балаларға робот-динозаврларды жасауды үйрету;
- мектеп жасындағы 5-7 сынып оқушыларына арналған квест ойындарын ұйымдастыру;
- барлық келушілерге арнап гид және аниматормен қызықты саяхат бағдарламасын ұйымдастыру.

Аквапарк:

- барлығына арналған пена көңіл көтеру кешін ұйымдастыру;
- туған күн кешін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін бағдарламалар;

Шолу шеңбері:

- «Махаббат» ұсыныс жасау қызметін ұйымдастыру;
- кабиналардың ішінде QR-код арқылы қалаға кішігірім экскурсия ұйымдастыру;



Сурет 1 - «Ailand Astana» ОДО қызметтерін жетілдіру ұсыныстары
Ескертпе – Мәліметтер [2] негізінде автормен құрастырылған

Мұхитаралға келушілер қатарында зейнеткерлер саны өте көп, сондықтан олардың жағдайын жасау мақсатында келесі қызметті ұсынамыз. Қарияларамызға арнайы құлаққаппен аудио-гид беру. Аудио-гидта 4 батырма бар, ол мұхитарал аймағын таңдауға мүмкіндік береді, даусын қалауыңызша қойып, қажет тілді таңдай аласыз. Ал жастар мен ересектер назарына арнайы QR-код мұхитарал аймақтарында орнатылады. Қонақ өзінің смартфонды арқылы кодты сканерлеп, ұялы телефондарынан тегін аудио-гидті тыңдап, балық суреттерін көре алады, яғни қалаулары бойынша теңіз жануарларымен тереңірек танысады.

Жоғарыда айтылған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін арнайы білім беру мектебін ашу. Аптасына 2 рет ұйымдастырылатын 2 апталық курсты балаларға ұсыну. Ол үшін 2 біліктілігі жоғары, теңіз әлемі жайлы терең білімі бар ұстазды жұмысқа алу. Баға құнына мұхитаралға кіру, экскурсия өткізу, жаңа ақпараттармен балаларды таныстыру, оқыту, сонында балаларға сертификат табыстау кіреді. Бұл ұсыныспен балалардың теңіз жануарлары жайлы білімін мектеп жасынан бастап жоғарылату көзделуде.

Әлем бойынша халықтың көптеген үлесі қазір психологияға аса мән беруде, ол үшін арнайы курстарға барып терапиялардан өтуде, ал біз терапиялардың ерекшесі арт-терапияны мұхитаралда өткізуді ұсынамыз. Мұхитарал тыныш және баяу әуендер ойнатылатын жер, сондықтан терапияны осы жерде өткізу оңтайлы. Мұхитаралдың екінші қабатында отыратын орындар бар және сол жерден ең бастысы мұхитаралдың үлкен аквариумына көрініс бар. Осы жерге келген адам жан тыныштығына кенеледі, ләззат алып, тынығады. Ол үшін Нұр-Сұлтан қаласының арт-терапия кәсіпорындарымен келісімге отыру керек.

Қазіргі таңда балалар үшін қызықты әрі пайдалы – ол конструктормен жұмыс. Бала өз қолымен Lego конструкторды қолдана отыра өзінің фантазиясы арқылы жаңа туындысын ойлап таба алады, дегенмен қазір балалардың көбісі динозаврларды ұнатады. Соны пайдалана отыра, біз Джунгли театрында арнайы маманмен ұйымдастырылатын қызметті ұсынып отырмыз. Ол үшін біз балаларды ең алдымен Джунгли театр аниматрониктеріне гидпен экскурсияға кіргіземіз, олар сол жерде динозаврлармен танысады, экскурсия аяқталған кезде джунгли территориясының төменгі бөлігінде біздің мамандар Lego набормен күтіп алып, оларға нұсқаулықтар беріп, көмектеседі және еркін жұмыс жасауларына мүмкіндік береді. Жұмыс ұзақтығы 50 минутқа есептелінген. Баланың ұсақ моторикасы мен есте сақтау қабілетін дамытатын қызметке арнайы робототехника маманы мен Lego наборлар қажет. Бұл қызмет болашақ мамандардың кішкентай кезінен робототехникаға икемділігін арттыруға, бос уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізуі үшін ұйымдастырылады.

Келесі кезекте квест ойындарын ұйымдастыру үшін 2 аниматор жұмысқа алынады, олардың балалармен жақсы жұмыс істей алуы, сонымен қатар балықтар мен динозаврлар жайлы білімдері болуы қарастырылады. Балаларға арналған квест арнайы жазба бойынша жүргізіледі, оған жауапты маркетинг бөлімінің қызметкері. Бағасына мұхитарал немесе джунглиға кіру құны мен

аниматорлық бағдарлама кіреді және балаларға естелікке бір сурет табысталады. Нақты ақпараттар келесі кестеде (кесте 1) берілген.

Кесте 1

«Ailand Astana» отбасылық демалыс орталығына квест ойының ұйымдастыру жоспары

Іс-шаралар	Джунгли	Мұхитарал
Өткізілетін күні	Дүйсенбі	Сәрсенбі
Өткізілетін уақыты	11:00	11:00
Өткізілетін тіл	Қазақша / орысша	Қазақша / орысша
Гид саны	1	2
Аниматор саны	2	1
Балалар саны	15	15
Жүргізілу уақыты	45 минут	35 минут
Бағасы	3500 теңге + 1500 теңге	2700 теңге + 1500 теңге
<i>Ескертпе – [3] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырған</i>		

Статистика бойынша дүйсенбі мен сәрсенбі күндері орталыққа келушілер саны аз болғандықтан осы күндерді белгілеп келушілер санын көбейтуді жоспарлаудамыз. Квестті өткізу екі тілде жүргізіледі, оған гид пен аниматор жауапты, яғни алдын ала дайындалған сценарий бойынша жүргізіледі. Баға құнына негізгі джунгли мен мұхитаралға кіру бағасы мен 700 теңге аниматорлар қызметіне және 800 теңге арнайы реквизиттер мен қосымша фото естелік үшін. Реквизиттерге карта, маржан тастар, кристалл тасы кіреді және кішкентай динозавр мен кішкентай аквариумдағы балық қажет.

Жастарға арналған «Махаббат» атты арнайы бағдарламасын ұйымдастыру: Мұхитаралда су астына сүңгу арқылы, теңіз жануарларының әдемі көрінісімен ұсныс жасау 55 000 теңгелік екі адамға арналған бағдарлама болып табылады. Клиент арнайы жазылып, төлем жүргізіп мұхитарал ішіне кіргізіледі, содан сон ол тұтынушыны толық тексерістен өткізіп, оған инструкция жүргізіледі. Кейін аквалангистпен бірге олар суға түсіп сол жерде ұсыныс айтылады, осы тұста тағы бір қызмет ұсынуға болады. Ол фотоаппаратпен осынау сәтті әсерді есте қалдыру. Одан бөлек су перісіне арнайы плакатқа тапсырыс беру арқылы ұсыныс жасау.

Келесі қызмет жай су астына түсіп теңіз жануарларымен танысып қана қоймай, акулаларға азық беру мүмкіндігі. Ол үшін қонақ арнайы медициналық тексерістен өтіп, арнайы киім киіп, суға 15-30 минутқа сүңгиді. Бұл қызмет тек 21 жастан асқан адамдарға арналған, бұл қызметтің қауіпсіздік маңызы болып табылады.

Аквапаркте айына 2 рет кешкі уақытта пена кешін өткізу ұсынылып отыр. Ол ең біріншіден аквапаркте адамдардың көңіл күйін көтеруге бағытталған және келушілер санын көбейтеді. Арнайы сахнада Led экран арқылы көңілді әуен қойылып, суда орындауға болатын қимылдар көрсетіледі, ал толқынды

бассейнде жүрген қонақтар сол орындарында би билеп, көңілдерін көтереді. Ал субұрпақтың жанында арнайы құрылғы арқылы пена шашылады, сол үлкен аланда қонақтар жиналып, би билеп, көңілдерін көтереді (қосымша Ж). Бұл қызмет үшін кәсіпорында арнайы жабдықтар бар, тек карантиндық шараларға байланысты қызмет тоқтатылған болтын, яғни қызметті қайта жаңғырту ұсынылады.

Қонақтардың ең танымал сұрақтары мен ұсыныстарының бірі туған күн кешіне жеңілдіктер ұйымдастыру. Біз 10 бала мен 5 ересек адам аквапаркке кірген жағдайда 5% жеңілдік жасауды, ал 20 бала мен 10 ересек адам кіргенде 10% жеңілдік беруді ұсынамыз және де туған күн иесі тегін кіреді (құжаттары тексеріледі). Бұл қызметті ұсыну арқылы жарнама жасап, басқа туған күндерді біздің орталықта өткізуге қонақтарды шақыру болып табылады.

Шолу шеңберінің кел-келген кабинасын тандап, романтикалық кеш ұйымдастыру (қосымша З). Ол қызметті өткізу үшін ұйым алдын ала кабинаға раушан гүлін, клиенттің суреттерін бастырып шығарып шарға жабыстырып әрлеу кіреді. Клиент келісілген уақытта келіп, арнайы дайындалған кабинаға отырғызылады.

Шолу шеңберіне арнайы ұсыныстардың бірі кабиналардың ішінде ойнатылатын әннің орнына Нұр – Сұлтан қаласының көрікті жерлері мен туристік аймақтары жайлы ақпарат беріп, елордамен таныстыру және де кабинаның ішіне QR-код енгізу арқылы қонақтарға қала бойынша туристік ақпарат ұсыну. Бұл қаланың туристік әлеуетін жоғарылатуға үлкен мүмкіндік береді.

Әрбір ұсынылып отырған қызмет «Ailand Astana» отбасылық демалыс орталығына келушілер санын көбейтуге, олардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, қосымша қызықты әрі сапалы қызметтерді қолдануға, орталықтың жаңаруына, қала тұрғындары мен қонақтарын орталыққа қызықтыруға, арнайы ұсыныстармен бәсекелестерінен озуға, табасын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылы 13 маусымдағы №211 заңы ҚР Заңы // Қазақстан Республикасының Парламент Жинағы, 2001.

2. «Экспомир Групп» ЖШС ресми сайты.– URL: <https://www.expomir.ru/> (қаралым күні 02.04.2022)

3. «Ailand Astana» отбасылық демалыс орталығының ресми сайты. – URL: <https://www.ailand.kz>